

органов в отношении местных исполнительных органов, с установлением конкретных форм ответственности акимов и акиматов перед маслихатами [7]:

– предоставить маслихатам право выражать недоверие также заместителям акима и руководителям местных органов управления;

– назначение руководителей наиболее важных исполнительных органов, финансируемых из местного бюджета, прежде всего тех, чья деятельность наиболее тесным образом связана с социальным обеспечением и защитой прав граждан, по результатам конкурса, но с получением согласия маслихатов, освобождать их от должности в таком же порядке;

– наделить секретаря маслихата правом вносить представление в соответствующие органы за невыполнение законов, указов Президента, постановлений Правительства, решений маслихата, предоставление постоянным комиссиям заведомо ложной информации, а также в случае неоднократного игнорирования законных требований депутатов.

– председателей постоянных комиссии для усиления контрольных функций необходимо сделать освобожденными.

Местное самоуправление – это тоже власть, но власть совершенно особого вида – власть народа, которая имеет гораздо более широкие возможности для собственной самоорганизации, власть, в отношении которой нет жестких нормативов, определяющих ее организационные формы на государственном уровне, и которая должна ориентироваться на конкретные проблемы данного муниципального образования.

Местное самоуправление, основанное на принципах децентрализации, разукрупнения, разграничения полномочий, подконтрольности и участия в нем граждан, станет

одним из главных направлений повышения благосостояния казахстанцев, становления Казахстана как сильного конкурентоспособного государства в мировом сообществе.

Местное самоуправление – это уже не будущее, это необходимость настоящего времени.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Новый Казахстан в новом мире: Послание Президента РК Н.А. Назарбаева к народу Казахстана, 2007. – С. 10-12.

2 О местном государственном управлении в Республике Казахстан: Закон РК от 23 января 2001 года.

3. Мацупа Л.В. Маслихаты. Институционализация: Десять лет становления и развития. – Костанай, 2004. – С. 32-35.

4 Европейская хартия местного самоуправления, 1985. – С. 5-7.

5 Конституция Республики Казахстан (с изменениями, внесенными Законом РК от 07.10.1998 и 18.05.2007): Принята 30 августа 1995 г.

6 Васильев А.А. Взаимодействие органов государственной власти и местного самоуправления: принципы, направления и формы. – С. 54-61.

7 Жанузакова Л.Т. Конституционно-правовые проблемы организации и деятельности местных представительных органов в Республике Казахстан: Монография. – Алматы, 2004. – С. 6-10, 267-270.

Түйін

Мақала авторлары қазіргі кездегі әкімшілік ұйымдарының билік жүйесіндегі қызметкерлерінің өзін-өзі басқарудағы қызметтері деректер негізінде қарастырылған.

Conclusion

In this article the authors reviewed the development of local government authorities at the present stage.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ШАРУАЛАРДЫҢ РӨЛІ

Еришева Т.А.

Қазақ қоғамы өзіне тән әлеуметтік қатынастардың күрделі даму үрдісінен өтті. Қазақ қоғамының әлеуметтік топтары бір-бірін толықтыратын ғасырлар бойы қалыптасқан қоғам ішінде атқаратын нақты қызметі бар санаттардан тұрды.

Қоғамдық еңбек бөлінісі мен қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық жіктелу барысы қоғамдық міндеттерді жүзеге асырудағы одан әрі мамандандыруды туғызды және соның салдары ретінде номадтардың әлеуметтік қатынастары құрылымында ерекше институттардың қалыптасу үрдісіне әкеп соқты. Бұл орайда қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен әлеуметтік топтарға бөлінуі сәйкес келмеді, ал кейде бір-біріне тіпті қайшы келіп отырды. Адамның әлеуметтік мәртебесі әсте де барлық уақытта бірдей оның экономикалық әуақатымен анықталған емес, ал соңғысы, өз кезегінде, барлық уақытта бірдей оның биік мәртебесіне тәуелді бола бермейді. Қазақ қоғамының әлеуметтік бөлінуіне тән ерекшелік индивидтердің «ақсүйек» және «қарасүйек» дейтіндерге саралануы болды. Бірінші әлеуметтік топ оның әлеуметтік оқшаулығы және қоғамдық қатынастар құрылымындағы мәнінің зор болуы себепті сырттан ешкімді өткізбейтін индивидтердің мәртебесі жабық корпорациясы болды. Оған аристократиялық екі сословие – төрелер мен қожалар жатты.

Ақсүйектерден айырмашылығы «қарасүйектердің» сословиелік-корпорациялық топтарының мәртебесі ашық болды, оған жеке қасиеттері мен мүліктік жағдайына қарай кез келген индивид қол жеткізе алатын. Оларға билер, тархандар, батырлар, ақсақалдар санаттары жатты. Алайда қазақ халқының еркін қауымдастар деп анықталатын көпшілік бөлігі сословиелік белгілері бойынша сараланған емес, қазақтардың үстем табынан оның айырмашылығы осы болатын [1, 199 б.].

Өз бетінше шаруашылықпен күнелтіп жүрген отбасылар – қарасүйектер қазақ қоғамының негізін құрады. Олар бүкіл дәрежелі бірлестіктердің негізгі күші болған, олардың тәуелсіздігін және бостандығын қорға-

ған, өндірістің бүкіл циклын қамтамасыз еткен. Әскери-саяси ұйымдасуды және қауымдық құрылысқа негізделген экономиканың бірқалыпты қызмет атқаруын сақтау қажеттігі халықтың негізгі бөлігін элитаның қанауын шектеді [2, 139 б.]. Халықтың бұл әртүрлі санаттарын атау үшін бірнеше термин қатар қолданылды: қараша, қара халық, қара кісі, құл-құтан, шаруа, бұқара.

Отырықшы қоғамдарда шаруалардың өз жерлері, шаруашылық құрал-жабдықтары, тұратын баспаналары және т.с.с. болған, және солардың арқасында өздерін экономикалық тұрғыдан тәуелсіз сезінген. Қазақстан жағдайындағы көшпелі қоғамдарда тікелей өнім өндірушілердің көбінің отбасында ең кем дегенде өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, қарапайым өнім өндіруді жүзеге асыратын қажетті мал басы болды.

Өз шаруашылықтарын өздері жүргізетін, көшпенді-мал өсірушілерден құралған халықтың негізгі бөлігі «шаруа» деп аталады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы шаруалар экономикалық жағынан ауқатты да тәуелсіз – қатардағы жай шаруалар және басқалардың экономикалық көмегіне жүгінуге мәжбүр кедей шаруалар (кедейлер, жарлылар) болып бөлінеді [3, 239 б.].

Шаруа – қоғамдағы заттай байлықты өндірушілердің негізгі тобын құрайтын, өз алдына жеке шаруашылығы бар халық бұқарасы. Ежелгі және орта ғасырларда халықтың басым бөлігін шаруашылықпен айналысқан шаруалар құрады. Дәстүрлі қазақ қоғамында шаруалар негізінен жергілікті табиғи ерекшеліктерге байланысты мал шаруашылығымен айналысты [4, 454 б.].

XVIII ғасыр деректерінде хан, қожа, төлеңгіт сияқты әлеуметтік топтардан басқалардың бәрін «қараша», немесе «қара халық» деп атау қалыптасқан. Қараша халық деген ұғымның аясы өте кең, сайып келгенде тұтас бір ұлыстың елі. Оның ішінде биі де, батыры да, құтпан байы да, қарапайым шаруасы да бар. Егер ол елде жатақ пен байғұс болса, олар да қараша қатарында. Георгидің айтуы бойынша «соңғы кезде қарасүйектен шыққандар күшейді. Олар өздеріне

би, батыр деген лауазымдарды алып, сұлтан тұқымдарымен туысып, көптеген ауылдарға басшылық жасай бастады». Бұл пікір негізінен қазақтың әлеуметтік тұрғыдан екі үлкен топқа бөлінетінін анық көрсеткенімен, сәл үстірттеу. Қарасүйектен шыққан би, батырлардың күшті болуы көшпелілікпен, оның рулық құрылымымен тығыз байланысты, тек XVIII ғасырда шыққан нәрсе емес. Олар ру жетекшісі есебінде өте беделді, бұл қатынас әлеуметтік құрылымның туыстық негізге сүйенуімен қабат пайда болған [5, 255 б.].

«Қарасүйектердің» пұрсатты әлеуметтік санаттары арасында қазақтарда билер сословиесі өте маңызды орын алды, олар көшпелі қауымдарда сот билігі қызметін жүзеге асырды. «Би» деген сөзді, – деп көрсетті Я. П. Гавердовский, – шешен, бай және тапқыр адамдар деп түсіну керек» [6]. Қазақстанда билердің пұрсатты жағдайы ең алдымен құқықтық реттеу, төрелік және пәтуалық міндеттердің қоғамдық маңызының зор болуымен анықталды және мүлік қатынастары жүйесіндегі басымдықты құқықтардан, атап айтқанда, талап-арыздың оннан бір мөлшері нысанында қосымша өнімді иемдену құқығынан (билік) көрінді. Билер тобының күші мен ықпалы едәуір дәрежеде оның мүшелерінің дағдылы құқықты, дәстүрді білуі, шешендік шеберлігі, қауымдардың мүдделерін қорғай білуі сияқты жеке қасиеттеріне де байланысты болды [1, 200 б.]. «Сот ғұрпындағы шешендік, шеберлікпен ұштасқан терең таным ғана қазақтарға осы құрметті атақты беретін» [7] – деп көрсетті Ш. Уәлиханов.

Қарасүйек әлеуметтік тобы ішінде тек солардан шыққан рубасы билер ғана едәуір ерекше құқықтармен пайдаланды. Би сөзі келе-келе өзгеріске ұшыраған бек сөзінен шыққан, ол XV ғасырдан бұрынғы деректерде кездеспейді, ал түріктің «бек» сөзі моңғолдың ноян, араб-парсының әмір сөзіне келеді.

Билер күшті, көп те, беделді де болатын, өз руының ертеден келе жатқан көнелігі, көптігі олардың дәрежесін арттыра түсетін. Қазақ ұлыстарының билері бірқатар ерекше құқықтарды пайдаланатын, өз руының ішіндегі (ханнан басқа) сот, әкімшілік,

әскери биліктің бәрі солардың қолында болды. Бұл билік билерге біршама саяси бедел де беретін, олар сұлтандармен бірге жыл сайынғы «халық жиналысына» қатысып, жалпы мемлекеттік мәселелерді шешуге араласып отырды.

Хандықты басқару ісінде маңызды міндет атқаратын болғандықтан, билер бойында бірнеше қасиет болуы шарт еді, тым құрығанда, әскербасылық, әкімшілік, соттық, дала ақсүйектерінің қасиеттері болуы тиісін. Билер-көненің көзі, сондықтан олар ел билеу ісінің барша міндеттерін етене еркін меңгерген адамдар. Оның үстіне, билер Орталық Азия мен Дешті Қыпшақта Шыңғыс әулетінен де бұрын болып келген.

Би туралы «Шешенге тіл берген ғой» деседі. Сөйлеген кезде олар мақалдап, мәтелдеп сөйлейтін. Қазақстанда қызмет еткен орыс офицері Е.И. Шевалин былай деп жазған: «Қазақ тілінде олардың және жалпы халықтың мінезін анық білдіретін мақалдар көп... Олардың кейбіреулері тамаша екенін мойындау керек... Салиқалы би мен сұлтанның қайсысы болсын, мақалдап сөйлеуге құмар және қазақпен сөйлескенде, екі сөзінің бірі мақал болып шығады. Мұның өзі оларды ақылды, іскер, би, сот болуға таптырмайтын адамның белгісі деген сөз» [8, 136 б.].

Тек «қарасүйектің» өкілдері ғана би бола алатын, чингизидтер би болып сайлана алмайтын; бірақ сот істерін талқылауға бұлар да қатысатын.

«Би» сөзінің қайдан шыққаны осы кезге дейін әлі толық анықталған жоқ. Құрбанғали Халид Оғлы «би» деген сөз «бек» немесе «биік» сөзінен шыққан деп дәлелдемек болады [9, 81 б.].

Бас еркі өзіндегі көшпенділердің бәрі әскери міндеткерлігін өткеретін. Дала тұрғындары, шынтауайтқа келгенде, қарулы көпшілік сияқты еді. Қару асынып жүру әрбір адамның заңды құқығы ғана емес, тіпті міндеті де болатын. Халық бас қосқан құрылтайда бойында бес қаруы жоқ адам дауыс бере алмайтын, жастар оған ығысып орын бермейтін.

Көшпенділер өмірінде соғыс дәстүрі маңызды орын алғандықтан да, әскери ерлікке аса зор мән берілетін. Жорықта кім көбірек қан төгіп, жаудың басын көп алса,

сол айрықша құрметке бөленіп, соғыс әдісін жақсы білуімен көзге түскендерге батыр атағы берілетін болған. Сайыста айрықша көзге түскен, жекпе-жекте қатарынан бірнеше жеңіске жеткендер, XV ғасыр деректері бойынша, толыбатыр, алып күш иесі, төзімді, батыл атағына ие болатын. Содан кейін сол адамның атына «батыр» сөзі қосылып айтылатын болған. Бұл құрметті дәреже-атақ ақсүйек пе, қарасүйек пе деместен, жеке ерлігі мен басқа да айрықша қасиеті үшін қоғамның кез келген мүшесіне берілетін. Бірақ бұл атақ мұрагерлік жолымен ұрпағына ауыспайтын.

Батырлар есімі даланың түкпір-түкпірінде белгілі болатын. Даңқы алысқа тарап, ерлігін ақын-жыраулар жыр-дастанына арқау ететін [8, 137 б.].

«Батыр», «багадүр», «баһадүр» деген түрік-монғол сөзі бастапқыда шайқас алдында жауды жекпе-жекке шақыратын ержүректі білдірген. Осы транскрипциясында ол XIV ғасырдың өзінде-ақ орыс тіліне еніп, оңтүстік славяндардың кітаби тіліндегі «батыл», яғни «жаугер» деген неғұрлым ертедегі, автохондық терминді ығыстырып шығарған. Бұл терминнің «богатырь» деген орысша калькасымен қатар XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың алғашқы үштен бірінде Мәскеу мемлекетінде жат жерлік ержүрек жауынгерлерді атау үшін енді түркі тілінің өзіндегі «батыр» термині қолданылған, мұны «Московия туралы жазбалардың» белгілі авторы, бұл атауды орыс адамдарынан алғаш рет есіткен австриялық дипломат Сигизмунд Герберштейннің (1485–1566) жекелеген ескертпелері растай алады [10]. Бұл дерек Еуразияның көшпелі дүниесіндегі әлеуметтік құбылыс ретінде батырлықтың кең таралғанына кез жеткізе дәлелдейді, әлбетте, бұл түрік халықтарының ең жақын көршілері – славяндарға ұғымдық-лингвистикалық тұрғыда әсер етті.

Шыңғыс-хан заманынан бері «баһадүр» термині әскерленген түрік-монғол ақсүйектерінің өкілдеріне талай рет атақ ретінде берілді. Бұл мағынасында алғанда Мас'уд ибн Усман Кухистани (1453-1512) мен басқа да шығыс авторлары өз шығармаларында Әбілқайыр (1428-1468) хандығындағы көптеген баһадүрлерді айтып өтеді

[11]. Ол сыртқы жаулармен күресте жеке батылдык көрсеткені, не соғыс қимылдарына шебер басшылық жасағаны үшін хан немесе сұлтан алатын құрметті атақ ретінде едәуір жиі қолданылды. Бұл жағдайда «баһадүр» атағы көшпелілердің әлдебір атақты билеушісінің толық өз есіміне қосылып отырды. Атап айтқанда, XVIII ғасырда қазақ хандары Тәукенің, Қайыптың, Әбілқайырдың, Абылайдың және басқа да ірі тұлғалардың осындай атағы болды.

Алайда батыр – ержүрек адамның атағы ғана емес, сонымен қатар көбінесе әскери міндеттерді жүзеге асырумен айналысатын адамдардың жеке дара қасиеті.

Өздерінің тегі қандай болса да, тіпті жарлы-жақыбайдан шыққандарына қарамастан батырлар бірте-бірте ру шонжарларының құқықтарын иемдене бастады да, қоғамдық өмірде олармен бірдей рөл атқарды. Қазақ ағартушысы Шоқан Уәлиханов батырлар туралы былай деп жазған болатын: «Батыр-қырғыздарда ру басы сұлтаннан кейінгі ең маңызды, әрі көрнекті тұлға. Ол – ең беделді адам, оның ақыл-кеңесімен халық әрқашан есептесіп отырады» [9, 106 б.].

Қазақ қоғамының әлеуметтік топтарға бөлінуінде тархандар, яғни жоғарғы биліктегілер сіңірген әр түрлі еңбектері үшін пұрсаттылықтар, мысалы, салық төлеуде және басқа да жағдайларда пұрсат берілген адамдар белгілі бір орын алды. Қоғамды орталықтандыру, мемлекеттік құрылымдарды ресімдеу, соғыс қақтығыстары кезінде тархандар көшпелі ұжымдарды басқару жүйесінде белгілі бір беделді қызмет орындарына ие болу құқығын пайдаланды. Бірақ күнделікті қалыпты кездерде, әдетте, тархандардың пұрсаттылығы ұмытылып, ал бұл әлеуметтік топтың рөлі мәнін жойды [1, 203б.].

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында ақсақалдарға (парсыша – риш-и сафидан) да айрықша орын берілген.

Көне деректерге сүйенсек, ақсақалдар елдің саяси өмірінде көбіне маңызды рөл атқарған, олар араз ағайындар арасын дәнекерлеуші, аталы сөзімен бітім айтушы ретінде құрметке бөленіп, ел-жұртқа қызмет еткен.

В.В. Бартольдтың айтуынша, ақсақал – қолында өкілеттік билігі жоқ, бірақ бұрын-

нан сінген еңбегі бар, мол тәжірибе, парасатымен үлкен-кішіні аузына қаратқан құрметті адам [8, 137 б.].

Қазақтардың үстем табының саны ең көп тобы көшпелі қауымдардың барлық буындарында әлеуметтік-реттеушілік міндеттерді жүзеге асыратын ақсақалдар болды. «Бұл бастықтар мен кінәздер, – деп атап өткен И.П. Фальк, – ең бай, өте құрметті және аймақтардың ораулы сияқты адамдар, сондықтан да хан өзінің сол жерлерге ықпалын, олардың билігі аз болғанына қарамастан, солар арқылы көп іс тындыра алады» [1, 203 б.].

Қазақтарда ақсақал деген атқа зор интеллектуалдық әлеуеті, жан-жақты ұғымы және бай тәжірибесі бар адамдар ғана ие болды. Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында бұл жеке адамгершілік қасиеттер малды шоғырландыру мен индивидтің материалдық жағынан қамтамасыз етілуінің аса маңызды факторына айналды. Сондықтан ақсақалдардың қоғамның нақ билеуші табының әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық ретте міндетін иемденіп алуы, идеология және рухани мәдениет саласына белсене араласуы заңды.

Қорытындылай келгенде, қазақ шаруалары дәстүрлі қаза қоғамының алтын қазығы болды. Олардың арасынан шешендігімен танылған билер де, батырлығы аңызға айналған батырлар да, атақты тарқандар да, елді басқарған беделді ақсақалдар да шықты. Қазақ қоғамының тең азаматтық қоғам құруының басты себебі елдің басым көпшілігін құраған орта шаруалардың арқасы болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том.–А.: «Атамұра», 2002.–768 б.

2 Күзембайұлы А., Абиль Е. История Казахстана.–СПб: Соларт, 2004.–420 б.

3 Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство.–А.: Изд-во «Арыс», 2009.–400 с.

4 Қазақстан ұлттық энциклопедия. 9-том. Ұ-І. «Қазақ энциклопедиясының» / Бас редакциясы.–А., 2007.–688 б.

5 Артықбаев Ж.О. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы. Тарих ғылымы докторының диссерт.–Алматы, 1997.–474 б.

6 Гавердовский Л.П. Обозрение Киргизкайсацкой степи // Рукописный фонд Санкт-Петербургского отделения Ин-та российской истории. Кол. 115. № 495, л. 73.

7. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т. 4.–А., 1984. – 473 б.

8 Сұлтанов Т. Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы. Қазақ хандығының тарихы.–А.: «Мектеп», 2008.–160 б.

9 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында: (Оқу құралы).–А.: «Санат», 1994. –416 б.

10 Орлов А.С. Героические темы древней русской литературы.–М.–Л., 1945.–44 б.

11 Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды.–М., 1973.–46-47 б.

Резюме

В данной статье рассматривается история одной из социальных групп казахского общества – «шаруа». Освещается роль социальной группы «шаруа» в казахском обществе.

Conclusion

In this article is reviews the history of one of the social groups of Kazakh society such as «sharua». The role of social group of «sharua» in kazakh society is shown.

ДИАЛогоВАЯ КОНЦЕПЦИЯ КУЛЬТУР В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ СУБЪЕКТА МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ